



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

# Сапа бойынша есеп

Қазақстан Республикасында коммерциялық жылжымайтын  
мүлікті жалға беру бағасының индексі

2023 жыл

## Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформаларагенттігі Ұлттық статистика бюросы (ҚР СЖРА ҰСБ)

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Баға статистикасы департаменті

### S.1.3 Байланыс адамының аты

Наурзбаева Асель Кабдувалиевна

#### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Жақыпбекұлы Қуанышбек

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл өзенінің солжағалауы, Мәңгілік ел көшесі, 8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

[as.naurzbaeva@aspire.gov.kz](mailto:as.naurzbaeva@aspire.gov.kz)

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

8(7172)74-97-82

## S.2 Өзектілік- кіріспе

Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағаларының индексі тұрғын емес коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағаларының өзгеруін сипаттайды.

Жалдау деп шартта көрсетілген мүлікті ақылы түрде уақытша иелену және пайдалану құқығы деп танылады.

Коммерциялық жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаларға жалпымемлекеттік статистикалық байқау коммерциялық жылжымайтын мүліктің нақты түрінің бір шаршы метрінің жалға беру бағаларының өзгеруін анықтау үшін ұйымдастырылған. Байқау нәтижелері бойынша қалыптасқан коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағаларының индексі коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беру бағаларының өзгеру динамикасын өлшейді. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағаларының индексі 2011 жылдан бастап қалыптастырылады.

Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексі коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бойынша қызметтердің нақты көлем индексі есептеу кезінде пайдаланылады.

ҚР СЖРА ҰСБ әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің, сондай-ақ «Атамекен» ҰҚП қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар) отырыстары өткізіледі, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау және олардыңақтуалдығы тұрғысынан егжей-тегжейлі талданады.

Пайдаланушылармен кері байланыс 1446 ҚР СЖРА ҰСБ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады.

## S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау  
2024 жылғы қаңтар

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы  
2024 жылғы қаңтар

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы  
2024 жылғы қаңтар

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индекстері коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерінің түрлері бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, Қазақстан Республикасының астанасы бойынша есептеледі. Коммерциялық жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаларды жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың деректері негізінде өткен тоқсанға, базалық жылдың 4 тоқсанына, өткен жылғы тиісті тоқсанға бағалардың жеке, топтық және жиынтық индекстерінің есептеуі жүзеге асырылады.

Жиынтық баға индексі коммерциялық жылжымайтын мүлік түрлері бойынша баға индекстерінен орташа өлшенген шама ретінде айқындалады. Есептеулер үшін Ласпейрес формуласының модификацияланған нұсқасы қолданылады.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексін құру кезінде мынадай жіктелімдер пайдаланылады:

ЭҚЖЖ – «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші»;

КҚСЖ– «Көрсетілетін қызметтер анықтамалығы», [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz). Қазақстан Республикасының СЖРА ҰСБ сайтында «Статистикалық жіктеулер»/«Анықтамалықтар» бөлімінде орналастырылған.

Коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілердің функционалдық мақсаты және қызмет ауқымы мен түрі бойынша құрылымдау негізінде мынадай типтер бойынша жіктеледі:

- 1) әкімшілік-офистік мақсаттағы үй-жайлар;
- 2) сауда орындары;
- 3) мейрамханалар мен қоғамдық тамақтандыру орындары;
- 4) тұрмыстық қызмет көрсету, сервис орындары;
- 5) қойма үй-жайлары;
- 6) өндірістік жайлар;
- 7) паркингтер;
- 8) коммерциялық жылжымайтын мүліктің өзге де типтері.

S.4.3 Секторлық қамту

Байқаудың қолданыстағы статистикалық бірліктері: Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодына сәйкес қызметінің негізгі немесе қосалқы түрі 68.20 – Жеке меншік немесе жалданатын жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару болып табылатын іріктемеге түскен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, жеке кәсіпкерлер ұсынады

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар мен анықтамалар

Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының деңгейін байқау және баға индексі есептеу [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтта, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің <http://adilet.zan.kz/> ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналастырылған «Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексі құру әдістемесіне» сәйкес жүргізіледі.

Әдістемеде келесі анықтамалар қолданылады:

- 1) агрегатталған баға индексі – жекелеген кіші топ, топ немесе жалпы зерттелетін құбылыс бойынша баға өзгерісін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш және бағаның жеке индекстері негізінде құрылады;
- 2) агрегаттау – төменгі деңгейдегі экономикалық көрсеткіштерді барлық кейінгі деңгейлерде едәуір ірі жиынтықтарға агрегаттау;
- 3) бағаларды тіркеу – жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кезінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалар (тарифтер) туралы алғашқы статистикалық деректерді жинау;
- 4) базалық объект – байқауға және ондағы бағаларды тіркеуге іріктелген заңды тұлға;
- 5) ерекшеліктер – бағаны тіркеу үшін іріктелген жеке тауарды сәйкестендіру үшін пайдаланылатын сипаттама немесе сипаттамалар тізбесі;
- 6) жеке (қарапайым) баға индексі – зерделенетін жиынтықтың (нақты тауардың, көрсетілетін қызметтің) бір элементі бағасының өзгеруі;
- 7) жіктелім – қабылданған белгілеріне сәйкес ұқсастықтары немесе өзгешеліктері бойынша көптеген объектілерді топқа бөлу;
- 8) қызмет түрі – қызмет түрлері жіктелімінің едәуір ірілендірілген санаттарын сипаттайтын өнімнің (тауарлар және қызметтердің) біртектес жинағын құру процессі. Заңды тұлғаның негізгі қызмет түрі – қосылған құны заңды тұлға жүзеге асыратын кез-келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асып түсетін қызмет түрі. Заңды тұлғаның қосалқы қызмет түрі – үшінші тұлғалар үшін өнім (жұмыстар, қызметтер) өндіру мақсатында негізгі қызметтен басқа жүзеге асырылатын қызмет түрі;
- 9) салмақтау – жиынтық көрсеткіштерді алу үшін және тікелей қосындылауға жатпайтын әртүрлі тауарлардың өлшемдестігін қамтамасыз ететін, индекстік есептеулерде қолданылатын рәсім;
- 10) салмақтау сызбасы – стандартты жіктелімге сәйкес агрегаттаудың барлық сатылары бойынша анықталған өнімдер, тауарлар, көрсетілетін қызметтердің нақты түрлері салмағының жиынтығы;
- 11) іріктеме – статистикалық деректерді жинау және өңдеу кезінде пайдаланылатын бекітілген жіктеуіштер, номенклатуралар мен анықтамалықтардан жеке айқындамалар;
- 12) өкіл тауар – тауар тобындағы тауардың сапасы мен негізгі тұтынушылық қасиеттеріне әсер етпейтін және өзінің тұтынушылық белгісі бойынша біртектес, болмашы өзгешеліктерімен (бөлшектерімен) ерекшеленетін тауардың белгілі бір түрі (бұдан әрі – өкіл объект).

#### S.4.5 Статистикалық объект

Географиялық қамтуды ескере отырып, коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беруді өткізетін базалық объектілердің іріктемелі желісі.

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

«Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеушінің» – «Жеке меншік немесе жалданатын жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару» 68.20 кодына сәйкес негізгі және қосалқы қызмет түрлері бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшілері, дара кәсіпкерлер базалық

объектілерді таңдауға арналған бас жиынтықты құрайды. Базалық объектілерді іріктеу үшін көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың деректері пайдаланылады. Бақылау іріктеу әдісімен жүзеге асырылады.

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана.

#### S.4.8 Қамту уақыты

Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру баға индексі 2022 жылғы қаңтардан бастап тоқсан сайын қалыптастырылады.

#### S.4.9 Базалық кезең

Базалық кезең әр бес жыл сайын өзгеріп отырады.

2021-2025 жылдар аралығында - 2020 жылғы IV тоқсан және т.б..

### S.5 Өлшем бірлігі

Пайыз

### S.6 Есепті кезең

Тоқсан

### S.7 Құқықтық негіз

#### S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспары.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 17 тамыздағы №164 бұйрығымен бекітілген Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексін құру әдістемесі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 16 қыркүйекте №14241 болып тіркелді.

ҚР СЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі»/«Әдіснама»/«Баға статистикасы» бөлімінде және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің <http://adilet.zan.kz> Ақпараттық-құқықтық жүйесінде қолжетімді.

### S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

#### S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы оған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына кепілдік және қорғалуы қамтамасыз етіледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын,

міндеттерін, басшылық қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты Бюроның есептеу техникасы құралдарында оның тұтастығы мен теңтүпнұсқалығы жағдайында сақталатын және өңделетін ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

#### S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген. ҚР ӘМ 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

#### S.9 Жарияланымдар саясаты

##### S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257 Заңының 26-бабының 1-тармағы, 2- тармағы.

Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі СЖРА ҰСБ/Пайдаланушыларға/[www.gov.kz](http://www.gov.kz) МОИРБП орналасқан.

##### S.9.2 Графикке қол жеткізу

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257 Заңының 26-бабының 1-тармағы, 2- тармағы.

Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі СЖРА ҰСБ/Пайдаланушыларға/[www.gov.kz](http://www.gov.kz) МОИРБП орналасқан.

##### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемде ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпарат пен статистикалық әдіснамаға қол жеткізуге тең құқықтарды мемлекеттік статистика органдарының Интернет-ресурстарында (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайты) орналастыру арқылы қамтамасыз етеді.

#### S.10 Тарату жиілігі

Тоқсан сайын

#### S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

##### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламасы шығарылмайды.

##### S.11.2 Жарияланымдар

1) «Қазақстан Республикасында коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексі» статистикалық электрондық кестесі республика және өңірлер бөлінісінде салыстырудың барлық кезеңдері бойынша коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерінің түрлері мен баға индекстері туралы деректерді қамтиды. Экономика//Баға статистикасы//Электрондық кестелер бөлімінде орналастырылған.

### S.11.3 On-line деректер базасы «Талдау» АТЖ

#### S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі кеңестер Іске асырылмаған

#### S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген. ҚР ӘМ 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

#### S.11.5 Өзге де Жоқ

#### S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер Іске асырылмаған

### S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

#### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

«Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексі құру әдістемесі» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «17» тамыздағы №164 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде №14241 болып тіркелген. ҚР СЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Әдіснама»//«Баға статистикасы» бөлімінде және [www.adilet.kz](http://www.adilet.kz) сайтында қолжетімді.

#### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығы.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 2 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 наурызда № 34168 болып тіркелген Әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары.

### S.13 Сапаны басқару

#### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Баға статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;

- тауарлардың, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;

- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық, визуалдық) әзірленген және енгізілген;

- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша



ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді;

- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада, әкімшілік деректермен, салааралық);

- бағаны байқау үшін іріктелген тауарлар, өнімдер, көрсетілетін қызметтер және базалық объектілер тізбелерінің іріктемелі жиынтықтарын ротациялау;

- өлшеу жүйелерін жыл сайын қайта қарау;

- агрегацияның барлық деңгейіндегі баға индекстерін есептеу үшін бірыңғай формулаларды қолдану.

#### S.13.2 Сапаны бағалау

Жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексін қалыптастыру әдістемесі халықаралық ұйымдардың сараптамасынан өтпейді, өйткені ол өндірістік саладағы қызметтер бағасы индекстерінің құрамына кіретін субиндекс болып табылады

#### S.14 Өзектілік

##### S.14.1 Пайдаланушыларға қажеттіліктері

Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексі пайдаланушылардың коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру секторындағы инфляция көрсеткішіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырады.

##### S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

ҚР СЖРА ҰСБ ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауалнама [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында онлайн түрінде жүргізеді.

##### S.14.3 Толықтығы/R1. Деректердің толықтығы –үлес

Қолданылмайды

#### S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

##### S.15.1 Жалпы дәлдік

Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының есептелген индекстерінің дәлдігі мен сенімділігі бақылаудың оңтайлы таңдалған әдісін жүргізумен қамтамасыз етіледі. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексін құру әдістемесі халықаралық стандарттарға негізделген, онда базалық объектілерді іріктеуге, бағаларға статистикалық байқау жүргізуге және көрсеткішті есептеу рәсімдеріне қойылатын талаптар белгіленген. Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасын зерттеу үшін бақылаудың таңдамалы әдісі қолданылады.

##### S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/A1.

Мақсатты іріктемені қолдануына қарай бағалау мүмкін емес.

##### S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Іріктеумен байланысты емес қателер есептелмейді, өйткені жауаптың болмауы құбылыстың болмауына сәйкес келеді.

##### S.15.3.1 Қамту қатесі

Мақсатты іріктемені қолдануына қарай бағалау мүмкін емес.

##### S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Мақсатты іріктемені қолдануына қарай бағалау мүмкін емес.

##### S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Мақсатты іріктемені қолдануына қарай бағалау мүмкін емес.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

«Шартты» бағаны есептеу әдістері Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексіні құру әдістемесіне сәйкес қолданылады. Жауабы жоқ жауаптардың үлесі есептелмейді.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Есеп жүргізілмейді.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Респонденттер берген мерзімнен бастап коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексіні бірінші жариялауға дейінгі алғашқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт 12 күнді құрайды.

Алғашқы нәтижелер есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-і күні жарияланады және түпкілікті болып табылады.

Шығарылым күндері Статистикалық жұмыстар жоспарында және ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде бекітілген және жарияланған.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасының СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және таратылады. Жариялау мерзімі Қазақстан Республикасының СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелетін Статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленген.

Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, 2023 жылы жарияланым мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымдарды шығару келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Жоқ

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру баға индексінің динамикалық қатары салғастырмалы және 2011 жылдан бастап үзіліссіз.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексіні құру


әдіснамасының негізгі тәсілдері өндірушілер бағаларының индексін басшылыққа ала отырып келісілді: теория және практика (Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық валюта қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропалық қауымдастықтар статистикалық бюросы, Біріккен Ұлттар Ұйымы және Дүниежүзілік банк), 2004 жыл.

#### 5.18.2 Ішкі келісушілік

Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру және электр энергиясын өндіру, беру және тарату бағаларының өзгеруінің келісімділігі төменде келтірілген.

### Қазақстан Республикасында коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру және электр энергиясын өндіру, беру және тарату бағаларының өзгеруі

пайызбен, өткен тоқсанға, өсуі



Талдау көрсеткендей, коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуі коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасына әсер етеді. 2022-2023 жылдар аралығында электр энергиясын өндіру, беру және тарату бағасының өсуі коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының өзгеруіне әсер етті. Бұл ретте коммерциялық үй-жайларды жалға беру бағасының өсу қарқыны электр энергиясына қарағанда төмен, себебі көп жағдайда жалдау шарттары ұзақ мерзімге жасалады.

#### S.19 Жүктеме

Бағаларды жинау респонденттің қалауы бойынша электрондық түрде және қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Деректерді жинау онлайн режимде жүзеге асырылады, онда респондент үшін типтік енгізу қателерін болдырмайтын автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратын бақылау, жоқ деректерді импутациялау процедуралары қарастырылған.

Басқа зерттеулермен қайталанбайды.

Әкімшілік деректер немесе басқа дереккөздер пайдаланылмайды.

#### S.20 Деректерді қайта қарау

##### S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

2011 жылдан бастап деректерді қайта қарау болған жоқ.

2011 жылдан бері қайта жариялау болған жоқ.

#### S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

##### S.21.1 Бастапқы деректер

Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексін құру екі деректер ағынын пайдалануды көздейді: салмақ құрайтындар (салмақтау схемасы) және коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының өзгеруі.

Салмақтау схемалары орталықтан әр өңір бойынша және жалпы республика бойынша қалыптастырылады. Олардың құрылысы байқауға енгізілген коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерінің түрлері бойынша жалға беру қызметтерінің көлемі туралы құндық деректерді бөлуге негізделеді.

##### S.21.2 Зерттеу мерзімділігі

Тоқсандық

##### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау «Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасы туралы есеп» (1-Ц (жалға беру) нысанын қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде толтыру арқылы жүзеге асырылады. Электрондық түрде Қазақстан Республикасы СЖРА ҰСБ-да ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған «Деректерді online режимде жинау» ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

##### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Ең төменгі және ең жоғары баға индекстерінің форматтық-логикалық бақылаулары; баға деңгейін өткен тоқсанның баға деңгейімен салыстыру.

«Мемлекеттік статистика туралы» ҚР Заңының 17-бабына сәйкес респондент статистикалық байқаулар жүргізу кезінде респонденттердің алғашқы

статистикалық деректерді ұсыну графигіне және статистикалық әдіснамаға сәйкес анық алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға міндетті.

#### S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Импутация Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексінің құру әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағаларын тіркеуді жүргізу кезінде баға ақпаратының уақытша болмауы жағдайлары кездеседі. Баға индекстерінің динамикалық қатарының үздіксіздігін сақтау үшін "шартты" бағаларды есептеудің мынадай әдістері пайдаланылады:

- 1) Коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерінің ұқсас түрлеріне бағалардың салыстырмалы өзгеруін пайдалану;
- 2) Коммерциялық жылжымайтын мүліктің уақытша жоғалып кеткен нақты түрін қамтитын топ бойынша бағаның орташа өзгеруін пайдалану. 2023 жылға ешқандай импутация қолданылған жоқ.

#### S.21.6 Түзету

Уақыт қатарларын түзету үшін пайдаланылатын статистикалық рәсімдер мен бағдарламалық қамтамасыз ету көзделмеген.

##### S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүзеге асырылмайды.

#### S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру.